

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Рәміздерім - мақтанышым

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.06.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/156357/

Сардарова Гулим Жапаровна

Рәміздерім мақтанышым

Мақсаты: Оқушылардың Отанына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге тәрбиелеу. Оқушылардың сурет салу қабілеттерін арттыру.

Түрі: сайыс, көркем – шығармашылықтарын дамыту.

Жүргізуші: Құрметті оқушылар, қонақтар.

Рәміздерім – еліміздің белгісі

Білу керек болсадағы ең кіші

Рәміздерім- Әнұраным, Ту, Елтаңба

Рәміздерді жатқа білгің – жөн кісі – деп бүгінгі «Рәміздерім- мақтанышым» атты мерекелік іс-шарамызды бастаймыз.

Әнұран орындау.

Балалар, біз «Рәміздерім- мақтанышым» атты сайысымызды бастаймыз.

Сайысымызды бастамас бұрын. 3 топқа бөлеміз.

Әділ-қазылар алқасын сайлап аламыз.

1.Алаңқайымыздың тәрбиеші: Сарбаева Г.Д

2. «Жас әнші» үйірме жетекшісі : Тәуекелова Д.А

3. «Жас тілші» үйірме жетекшісі: Айтмбетова Ж.М

Сайыс 4 кезеңнен тұрады.

I-кезең «Кім көп біледі?» сұрақ -жауап

1. Қазақстанның Республикасының астанасы қай қала?

(Астана қаласы)

2. Мемлекеттік рәміздерді ата.

(Ту, Елтаңба, Әнұран)

3. Рәміздер күні қай күні тойланады?

(4-маусым)

4. Республика күні, қай күні тойланады?

(25-қазан)

5. Қазақстан Республикасының президенті кім?

(Қасым- Жомарт Кемелұлы Тоқаев)

6. Қазақстан Республикасында елтаңбасында не бейнеленген?

(Жұлдыз, шаңырақ, қанатты пырақ, қазақ елі екендігін айқындайтын жазу бар)

II-кезең. «Кім тапқыр?» сурет бойынша мақал –мәтелдерді құрастыру.

III-кезең. «Кіс шапшаң?» (пазылдарды құрастыру)

IV-кезең. «Рәміздерім- мақтанышым, айбыным»

Сайысымыз осымен аяқталды.

Сайыстың қорытындысына баға беретін әділқазылар алқасына сөз береміз.